

ӨОЖ 340
FTAMP 10.27.01

АЗАМАТТЫҚ ЗАҢНАМАДАҒЫ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ БІРІЗДІЛІКТІ САҚТАУДЫҢ КЕЙБІР ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Дархан Әбдіманапұлы Бәкіров¹

Құқықтану магистрі, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кеден, қаржы және экологиялық құқығы кафедрасының аға оқытушысы; Алматы қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: dbakirov@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3836-1998>

Нұрмұхамед Дәулеткелдіұлы Мырзатаев

PhD, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу және еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы; Алматы қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: muxametnur@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5397-0332>; Scopus Author ID: 57202533769

Сауле Жүсүпбековна Сулейменова

Заң ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу және еңбек құқығы кафедрасының профессоры; Алматы қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: saule.suleimenova@gmail.com; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6754-9255>; Researcher ID WOS: O-3598-2014; Scopus Author ID: 55776244700

Аннотация. Әрбір мемлекетте нормашығармашылық қызметтің басты мақсаттарының бірі қабылданатын құқықтық актілердің сапасы мен тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. Бұл елдің дамуына, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға ықпал ететін, сондай-ақ қоғамдағы әділдік пен заңдылықты қамтамасыз ететін тиімді және болжамды құқықтық жүйе құруға мүмкіндік береді. Бұл мақалада Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің жалпы және ерекше бөліміндегі қазақ және орыс тіліндегі мәтін нұсқаларын сараптау нәтижелері талқыланады. Азаматтық заңнама саласындағы құқық нормаларының мемлекеттік тілдегі мәтіндерінде терминдердің реттілігін сақтауға назар аударылады. Заң нормаларының мемлекеттік тілдегі сапасының төмендігіне шет тілінен ұлттық заңнамаға енгізілген заң терминдерінің аудармасының дұрыс нұсқада аударылмауы мысал бола алады. Бұдан басқа, мақалада қазақ тіліндегі заңнамалық актілерге ұсыныстар және мемлекеттік заңдар мәтіндерінің сапасыз аудармасы мәселелері бойынша жалпы қорытындылар шығарылады. Бұл біркелкі терминологияны пайдалану бойынша қорытынды жасауды, сондай-ақ бір ұғымға жататын терминдердің қайталануын және мағынасыздығын болдырмауды қамтиды. Терминдерді пайдаланудағы дәйектілік пен нақтылықты сақтау олардың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ете отырып, заңдарды түсінуге және қолдануға ықпал етеді. Сондай-ақ мемлекеттік тілде заңнамалық актілерді әзірлеу кезінде заң техникасын жетілдіру бойынша қорытындылар жасалады, өйткені терминологияның бірізділігін сақтау және бір ұғымға жататын бірнеше терминдерді пайдалануға жол бермеу қажет. Мұндай талдау азаматтық-құқықтық заңнаманы қолданудың және түсінудің тиімділігін қамтамасыз ету үшін маңызды болып табылатын нормативтік құқықтық актілердің түсініктілігін, дәлдігін, логикасын және жүйелілігін анықтауға көмектеседі.

Түйінді сөздер: Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі, қазақ тілі, мемлекеттік тіл, заңдық терминология, аударма, заңгер, заң терминдерінің бірізділігі, заңдық техника.

¹ Хат-хабарларға арналған автор

НЕКОТОРЫЕ ПРАВОВЫЕ ВОПРОСЫ СОБЛЮДЕНИЯ ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКОЙ ПОСЛЕДОВАТЕЛЬНОСТИ В ГРАЖДАНСКОМ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ

Бакиров Дархан Абдимананович

Магистр юриспруденции, старший преподаватель кафедры таможенного, финансового и экологического права КазНУ им. Аль-Фараби; г. Алматы, Республика Казахстан; e-mail: dbakirov@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3836-1998>

Мырзатаев Нурмухамед Даулеткелдиевич

PhD, старший преподаватель кафедры гражданского права, гражданского процесса и трудового права КазНУ им. Аль-Фараби; г. Алматы, Республика Казахстан; e-mail: muxametnur@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5397-0332>; Scopus Author ID: 57202533769

Судейменова Сауле Жусупбековна

Доктор юридических наук, профессор кафедры гражданского права, гражданского процесса и трудового права КазНУ им. Аль-Фараби; г. Алматы, Республика Казахстан; e-mail: saule.suleimenova@gmail.com; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6754-9255>; Researcher ID WOS: O-3598-2014; Scopus Author ID: 55776244700

Аннотация. Одной из главных целей нормотворческой деятельности в каждом государстве является обеспечение качества и стабильности принимаемых правовых актов. Это позволяет создать эффективную и предсказуемую правовую систему, которая способствует развитию страны, защите прав и интересов граждан, а также обеспечивает справедливость и законность в обществе. В данной статье обсуждаются результаты экспертизы вариантов текста на казахском и русском языках в общей и особой части Гражданского кодекса Республики Казахстан. Авторы статьи уделяют внимание на соблюдение последовательности терминов в текстах норм права в сфере гражданского законодательства на государственном языке. Примером низкого качества норм закона на государственном языке может служить ненадлежащий перевод с иностранного языка юридических терминов, внесенных в национальное законодательство Республики Казахстан. Кроме того, в статье выносятся предложения к законодательным актам на казахском языке и общие заключения по вопросам некачественного перевода текстов государственных законов. Также при разработке законодательных актов на государственном языке будут подведены итоги по совершенствованию юридической техники, так как необходимо соблюдать последовательность терминологии и не допускать использования нескольких терминов, относящихся к одному понятию. Это включает подведение итогов по использованию единообразной терминологии, а также предотвращение дублирования и неоднозначности терминов, относящихся к одному понятию. Соблюдение последовательности и четкости в использовании терминов способствует пониманию и применению законов, обеспечивая их эффективное функционирование. Целью исследовательской работы является анализ текстов гражданского кодекса на государственном языке с целью определения качества норм гражданского права. Такой анализ поможет выявить степень ясности, точности, логичности и согласованности нормативных положений, что важно для обеспечения эффективности применения и понимания законодательства в сфере гражданского права.

Ключевые слова: Гражданский кодекс Республики Казахстан, казахский язык, государственный язык, юридическая терминология, перевод, юрист, последовательность юридических терминов, юридическая техника.

SOME LEGAL ISSUES OF COMPLIANCE WITH TERMINOLOGICAL SEQUENCE IN THE CIVIL LEGISLATION

Bakirov Darkhan Abdimanapovich

Master of Law, Senior Lecturer, Department of Customs, Financial and Environmental Law, al-Farabi KazNU; Almaty c., Republic of Kazakhstan; e-mail: dbakirov@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3836-1998>

Myrzatayev Nurmukhamed Dauletkeldievich

PhD, senior lecturer of the Department of Civil Law, Civil Procedure and Labor Law at al-Farabi KazNU; Almaty c., Republic of Kazakhstan; e-mail: muxametnur@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5397-0332>; Scopus Author ID: 57202533769

Suleimenova Saule Zhusupbekovna

Doctor of Legal Sciences, Professor of the Department of Civil Law, Civil Procedure and Labor Law at al-Farabi KazNU; Almaty c., Republic of Kazakhstan; e-mail: saule.suleimenova@gmail.com; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6754-9255>; Researcher ID WOS: O-3598-2014; Scopus Author ID: 55776244700

Abstract. One of the main goals of normative activities in each state is to ensure the quality and stability of the adopted legal acts. This makes it possible to create an effective and predictable legal system that contributes to the development of the country, the protection of the rights and interests of citizens, and also ensures justice and legality in society. This article discusses the results of the examination of versions of the text in Kazakh and Russian in the general and special part of the Civil Code of the Republic of Kazakhstan. The authors pay attention to the observance of the sequence of terms in the texts of the law in the field of civil law in the state language. An example of the poor quality of the norms of the law in the state language is the incorrect translation from a foreign language of legal terms introduced into national legislation. In addition, the article makes proposals for legislative acts in Kazakh language and general conclusions on poor-quality translation of texts of state laws. Also, when developing legislative acts in the state language, the results of improving legal technology will be summed up, since it is necessary to observe the consistency of terminology and prevent the use of several terms related to one concept. This includes summarizing the use of uniform terminology, as well as avoiding duplication and ambiguity of terms related to the same concept. Adherence to consistency and clarity in the use of terms contributes to the understanding and application of laws, ensuring their effective functioning. The purpose of the research is to analyze the texts of the civil code in the state language in order to determine the quality of civil law norms. Such analysis will help to identify the degree of clarity, accuracy, logic and consistency of regulations, which is essential to ensure the effectiveness of the application and understanding of civil law legislation.

Keywords: Civil Code of the Republic of Kazakhstan, Kazakh language, state language, legal terminology, translation, lawyer, sequence of legal terms, legal technique.

DOI: 10.52026/2788-5291_2025_80_2_71

Кіріспе

«Қазақтілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін. Сондай-ақ, тіл үлкен саясаттың құралы екенін де ұмытпаған жөн» - деп мәлімдеген ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауын назарға ала отырып, мемлекеттік, заң шығарушылық

қызметте және құжаттарда қазақ тілін қатесіз қолданылу керек деп санаймыз [1]. Мемлекеттік тілдегі құжаттардың сапасының төмендігіне шет тілінен енген немесе аударма жасалған заң терминдерінің бірізділігінің сақталмауы мысал бола алады. Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (әрі қарай – ҚР АҚ) жалпы бөлімінің қабылданғанына 29 жыл, ал ерекше бөлімінің

қабылданғанына 24 жыл өткенін ескерсек, әлі күнге дейін терминологиялық бірізділіктің сақталмауы мен бір мағыналы ұғымдардың бірнеше нұсқада жазылуы сала мамандарын алаңдататыны белгілі. Бұл жағдайға заң саласындағы құқықтық актілердің қазақ тіліне басқа сала мамандарының аударма жасауының нәтижесі себеп. Осы орайда талқыға түсіп және қабылданып жатқан құқықтық актілерді ең алдымен неліктен қазақ тілінде жазбасқа деген ой туатыны анық.

Еліміздің Ата Заңы - Конституцияның 93-бабын алып қарасақ төмендегідей жазылған: «Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, арнаулы заңға сәйкес, Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті»². Бұл бапта міндеттелген тапсырма негізінен жоғарыдағы аталған заңның 7-бабын жүзеге асыру мақсатында, яғни мемлекеттік тіл деп бекітілген қазақ тілінің мәртебесін асқақтату үшін толық көлемде жүзеге асырылуы қажет. Алайда, орыс тілінің ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылуы қазақ тілінің мемлекеттік мекемелерде, сонымен қатар заң шығару жүйесінде орнықты қалыптасуына мүмкіндік бермеуде. Жоғарыдағы келтірілген заң нормаларының тиянақты түрде жүзеге асуын қаласақ, ең алдымен, үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар бірқатар нақты шараларды қолға алып, жүзеге асыруы керек. Түптеп келгенде, құқықшығармашылықты жетілдіру қажеттігі объективті қажеттілік болып табылатыны жалпыға мәлім, оны іске асырмайынша, қоғамдағы экономикалық, әлеуметтік, мәдени және өзге де процестерге оң ықпал ету мүмкін емес³. Сонымен қатар, еліміздегі мемлекеттік тілге байланысты мәселенің оң шешім табуы заң шығарушылық қызметтегі бірқатар өзекті мәселелердің шешімін табуға ықпал етеді.

1997 жылы 11 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының 4-бабында: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі. Мемлекеттік

тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі» - деп баяндалған⁴. Азаматтық кодекстегі жіберілген осындай олқылықтар қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі дәрежесін айқындай алмай тұр. Аталған кодекстің баптарындағы терминдер мен сөз тіркестерінің дұрыс нұсқада аударылмауы, сондай-ақ бір терминнің бірнеше нұсқада жазылуы құқықтық актілердің жалпыға түсінікті болуын қамтамасыз етпейді. Бір терминнің аударылу нұсқасына байланысты кодекстен бірнеше қателік табуға болады. Ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылатын орыс тілінде жазылған заңдардың қазақ тіліндегі аудармасы қатеге толы. 1994-2023 жылдар аралығында азаматтық кодекске бас-аяғы 150-ге жуық өзгертулер мен толықтырулар енгізілген. Аталған уақыт аралығында енгізілген өзгерістер мен толықтырулар кодекстегі басты мәселе терминологиялық бірізділік пен аударманың дұрыстығын қамтамасыз ете алмағаны өкінішті. Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығында: «Қолданыстағы заңнамаға сәйкес нормативтік құқықтық актілер қазақ және орыс тілдерінде әзірленеді. Іс жүзінде, орыс тілінде әзірленген жобалар қазақ тіліне аударылып, екі тілдегі мәтіндердің мазмұнын бірыңғай түсінуге қатысты сұрақтар туғызатыны сирек емес. Осыған орай, құқықшығару қызметінде қазақ тілін одан әрі дамыту мақсатында нормативтік құқықтық актілердің жобаларын орыс тіліне аударуды қамтамасыз ете отырып, оларды қазақ тілінде әзірлеу міндетін кезең-кезеңімен заңнамалық бекіту мүмкіндігін пысықтау маңызды» - делінген³. Бұдан басқа, жоғарыда аталған жарлықта «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жетілдіру мәселесі де қозғалған. Бұл тұжырымдамаға сәйкес, азаматтар мен ұйымдар нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу мен талқылау процесіне қатысу

² 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған «Қазақстан Республикасының Конституциясы» // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (жүзінген күні: 18.03.2024).

³ «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674> (жүзінген күні: 18.03.2024).

⁴ «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі N 151 Заңы. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151> (жүзінген күні: 18.03.2024).

үшін ашық диалог алаңдарын көбірек құру қажет. Сондай-ақ, ел президенті халықтың құжаттарды талқылау кезінде белсенділігі төмен екенін және соның салдардарын жою үшін қандай шаралар атқарылу керек екенін де атап көрсетті: «Ашық нормативтік құқықтық актілер интернет-порталының әлеуетін дамыту қажеттігі пісіп-жетілді. Оның жұмыс істеуін талдау нормативтік құқықтық актілердің және басқа да құжаттардың жобаларын талқылау кезінде азаматтардың белсенділігінің төмендігін көрсетеді. Осыған байланысты азаматтардың интернет-порталды түсінбеу себептерін анықтау қажет, олар өзгеден басқа, ұсыныстарды есепке алудың нақты тетігінің болмауымен, жобаның тек жекелеген құрылымдық элементтеріне түсіндірме беру мүмкіндігімен, сайттың ыңғайсыз интерфейсімен байланысты, осыған назар аудару қажет. Жекелеген жағдайларда азаматтар құжаттар жобаларының интернет-порталда орналастырылғаны туралы білмеуі де мүмкін екенін назарға ала отырып, мүдделі тұлғаларды, оның ішінде ыңғайлы мобильді қосымшаны әзірлеу арқылы хабардар ету тетіктерін пысықтау қажет»⁵. Жоғарыда көрсетілген Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қабылдаған Жарлығының тиянақты және уақытылы орындалуын қамтамасыз ету арқылы, азаматтық кодекстің жалпы және ерекше бөлімдеріндегі қателіктерді жоюға болатыны анық.

Материалдар мен әдістер

Мақалаға дайындық барысында Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі мен нормативтік құжаттары, сонымен қатар сөздіктер мен бұқаралық ақпарат құралдарының қайнар көздері талданды. Ресми-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, құқықтық нормаларды түсіндіру әдістері қолданылды.

Талқылау

Қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерудің бір жолы оның ғылыми тілін жетілдірудегі терминологиялық жұмыстар (реттеу, жүйелеу, біріздендіру, стандарттау) мәселелерін ғылыми тұрғыдан негіздеу, сонымен қатар ғылыми атауларды ұлттық

тілде қалыптастыру болып табылады [2]. Қолданыстағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодекстің (бұдан әрі – ҚР АҚ) жалпы және ерекше бөліміндегі біз байқаған кейбір олқылықтарға тоқталсақ:

- ҚР АҚ 5,6,38,114,230,382,383-баптарында «норма» терминіне «қалып» деп аударма жасаған. Ал бұдан бөлек баптарда «норма» термині аудармасыз сол қалыпта, яғни «норма» деп жазылған. «Қалып» сөзін «Норма» сөзінің баламасы ретінде қолдану дұрыс емес деп санаймыз.

- «нормативный акт» сөз тіркесі ҚР АҚ 267-баптың 1-тармағында «қалыпты құжат» деп аударылған. Бұл да өз кезегінде аударманың қателігін білдіреді. «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсандағы N 326-І Заңында «құжат (документ) – материалдық жеткізгіште дәлме-дәл жазып алынған, сәйкестендіруге мүмкіндік беретін ақпарат» деген анықтама берілген⁵.

- «законодательный акт» - бұл сөз тіркесіне толығырақ тоқталсақ. 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының № 480-V ҚРЗ Заңының 1-бабының 7-тармағында «заңнамалық акт» деп аударма жасалынған⁶. Ал азаматтық кодексте бұл термин 3 нұсқада, атап айтсақ: «заң құжаттары», «заңнамалық акті», «заң актісі» - деп жазылған. Бұл олқылық кодекстің жалпы және ерекше бөлімінде де кездеседі.

- Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңының 1-бабында «ереже-положения», «қағида-правила» - деп аударылған⁶. Кодексте «ереже» термині «правила» - деп те «положения» - деп те аударылған. Сонымен қатар, кейбір баптарда «ереже» термині «правила» деген де аудармамен берілген.

- «субсидиарная ответственность» сөз тіркесі ҚР АҚ 44-бапта «субсидиарлық жауаптылық», ҚР АҚ 62-бапта «субсидиялық жауапты», ҚР АҚ 104-бапта «жәрдем беру жауаптылығы», ҚР АҚ 330-бапта «қосалқы жауап беру», ҚР АҚ 357-бапта «субсидиялық жауапкершілік» - деген сөз тіркестерімен берілген. Субсидиарлық жауапкершілік - заңдарға немесе міндеттеме шарттарына сәйкес тұлғаның негізгі борышкер болып табылатын басқа тұлғаның жауапкершілігіне

⁵ «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсандағы N 326-І Заңы. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000326> (жүгінген күні: 18.03.2024).

⁶ «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Заңы // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480> (жүгінген күні: 18.03.2024).

қосымша жауапкершілігі⁷. Ал субсидия дегеніміз – мемлекет немесе қандай да бір ұйым тарапынан қаржылай немесе заттай көмек [3].

- «самовольная постройка» сөз тіркесі болса, «өз бетімен салынған құрылыс», «өз бетінше тұрғызған құрылыс», «өз бетінше салынған құрылыс» - деп аударылған. Терминологиялық бірізділікті сақтай отырып, бір ғана сөз тіркесін пайдаланған өте тиімді болар еді.

- «өзге де қора-қопсы» сөз тіркесінің орыс тіліндегі мәтінінде екі түрлі нұсқада байқауымызға болады: «иные строения», «иные постройки».

- «құрылыстар» термині ҚР АҚ 117-бапта «сооружения», ал ҚР АҚ 303-бапта «строения» - деп берілген. Ал ҚР АҚ 117-бапта «ғимараттар» - «здания», ҚР АҚ 303-бапта «ғимараттар» - «сооружения» делінген. «Здания» сөзі ҚР АҚ 119-бапта «үйлер» деп аударылған. ҚР Азаматтық кодексінің 6-бабында сөздерді дәлме-дәл мағынасында түсіну қажеттілігі баяндалған: «Азаматтық заң қалыптары оларда айтылған сөздердің дәлме-дәл мәніне сәйкес түсінілуге тиіс»⁸.

- «рабочий скот» сөз тіркесі аудармасында «жегін мал», «жұмыс малы» - деп жазылған.

- «движимое», «недвижимое» сөздері «жылжымалы», «қозғалмалы», «қозғалатын», «жылжымайтын», «қозғалмайтын» сөздеріне аударылған. «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі N 310 Заңының 1-бабы мен «Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 маусымдағы N 254 Заңының 1-бабын басшылыққа ала отырып, жылжымайтын және жылжымалы сөздерін қолданыста қалдыру керек⁹.

- «непреодолимая сила» - «бой бермейтін күш», «еңсерілмейтін күш», «дүлей күш». Осы тұста айтарымыз білікті мамандармен ақылдаса келе, кодексте тек бір ұғымды қалдыру керек.

- «последствия» сөзі ҚР АҚ 3,324,472,806,1056,1115, т.б. баптарда «салдары», ҚР АҚ 15,275,390,808,839, 949,952, т.б. баптарда «зардабы», ҚР АҚ 9-бапта «залалдары» - деген нұсқаларда кездеседі;

- «интеллектуальное» - «интеллектуалдық», «зияткерлік» деп аударылған. «Өкінішке орай, заңнама терминдерін қалыптастыруда, бірізділікті қамтамасыз етуде нақты тұжырымдалған ұстаным жоқ. Аталған салада әркім өз білгенімен жұмыс істеп, заңнаманы қазақша сөйлетуде бір терминді әртүрлі қолданып, заңдарды орындауда күрделі қиындықтарға душар болып отырмыз. Егер біз қазақ тілі ғұмырлы болсын десек, оны жөнсіз терминологиямен қиындатпай, қазіргі заманға лайықтауымыз қажет» [4]. ҚР Азаматтық кодексінің ерекше бөлімінің интеллектуалдық меншік құқығына арналған 5-бөлімінің 897-1, 965, 967-баптарында екі термин «интеллектуалдық», «зияткерлік» қатар кездеседі, ал орыс тіліндегі нұсқасында тек бір термин «интеллектуальное» сөзі кездеседі¹⁰.

- «исключительное право» - «ерекше құқық» және «айрықша құқық» - деп аударылған. «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы N 6-І Заңының 2-бабында «исключительное право» сөз тіркесіне «айрықша құқық» деген аудармасы берілген¹¹.

«Рухани жаңғыру: қазіргі қазақ терминологиясы» атты ғылыми-практикалық конференциясында филология ғылымдарының докторы, профессор Ерден Қажыбек «Терминологиялық жұмыстардың тілді дамытудағы рөлі» атты баяндама жасаған болатын. «Мемлекеттік тілді дамыту жолында кездесіп отырған қиыншылықтардың бірі – терминологиялық жүйесіздік пен терминологиялық жұмыстарды теориялық тұрғыда толықтыру мақсатында оның

⁷ Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңдарының заң терминдері мен ұғымдарының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі сөздігі. Қазақстан Республикасының Заң шығару институты. -Астана: Қазақстан Республикасының Заң шығару институты» ЖШС, 2008, 1000 б (қазақша –орысша). Астана: ТОО «Институт законодательства РК», 2008. -1000 с (русско-казахский) ISBN: 9965-600-40-6 // URL: <https://sozdikqor.kz/sozdik/?id=213> (жүзінген күні: 17.03.2024).

⁸ «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім)» Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Кодексі. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (жүзінген күні: 18.03.2024).

⁹ «Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 маусымдағы N 254 Заңы. // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000254/_links (жүзінген күні: 18.03.2024).

¹⁰ «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім)» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409> (жүзінген күні: 18.03.2024).

¹¹ «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы N 6-І Заңы. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z960000006> (жүзінген күні: 18.03.2024).

теориялық және практикалық мәселелерін белгілі бір ғылыми жүйеге түсіру, жаңа терминдер мен лингвистикалық заңдастыру тұрғысынан қарастыру» [2]. Яғни заңнама мәтіндерін қазақ тіліне немесе қазақ тілінен орыс тіліне аударғанда басшылыққа алатын ең алдымен қазақ – орыс тілдеріндегі заң терминологиясының бірегей сөздігі қажет болатыны анық. Осы орайда, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын білікті заң ғылымдарының профессорларымен, заңгерлермен, аудармашылармен қоса филолог мамандармен бірігіп жұмыс жасайтын құрылым құру қажет. Осы арқылы біз бүгінгі таңда тап болып отырған терминологиялық бірізділіктің сақталмауы мәселесі және синоним сөздерді қолдану барысында пайда болып отырған қателіктердің алдын ала аламыз.

Қазақстандық ғалым Шерубай Құрманбайұлы «Терминологияны біріздендірудің ғылыми-әдістемелік негіздері» атты ғылыми-әдістемелік құралында да, жоғарыда талқыландырылған бірізділік мәселесін көтерген болатын. «Негізінен біріздендіру ұғымы көппішінділіктен, яғни синонимдерден арылып, мағыналық біркелкілікке қол жеткізу, көпмағыналылық пен семантикалық омонимдерді жою, ұғымдар жүйесі мен терминжүйе арасындағы бірізділікке қол жеткізу дегенді білдіреді» [5]. Осылайша синоним сөздерді қолданудан бас тарта отырып, терминологиялық бірізділікке жетуге болатынын пайымдаймыз.

«Терминологияның өзекті мәселелері» дегенде бұл саладағы бірінші кезекте атқарылуға тиісті жұмыстар мен шешімін таппаған мәселелер жөнінде сөз болуға тиіс. Бұл тұрғыдан келгенде екі мәселеге ерекше мән беру қажет деп ойлаймыз. Ең алдымен, бірінші мәселе - терминология дамуының бағыт-бағдарын белгілеп отыратын ғылыми кадрлардың, әсіресе термин жасауға машықтанған, терминологиялық жұмыстарды кәсіби тұрғыдан жүргізуге құзыретті практик терминші мамандардың жеткіліксіздігі мен барларының осы істің басы-қасында болмауы, өздері маманданған іспен тікелей айналыспауы. Екіншісі, ол - терминологиялық жұмыстардың республикалық деңгейде жүйелі түрде, үйлестіре отырып, жоғары кәсіби деңгейде жүргізілмеуі. Қазақ терминологиясының шешімін таппай жатқан өзге мәселелерінің бәрі осы ең басты екі мәселені дұрыс шешіп, жолға қоймаудан туындап отыр деуге болады» [6]. Мақалада келтірілген

Азаматтық кодекстегі олқылықтардың көбі терминологиялық бірізділіктің болмауынан болып отыр. Сөздің ашығы, бүгінгі күні талқыланып отырған кодекстің қазақ тіліндегі нұсқасына түзетулер енгізу керек. Орыс тіліндегі мәтінді қазақ тіліне дәлме-дәл, түпнұсқалықты, сонымен қатар бірізділікті сақтай отырып аудару арқылы талқыландырылған баптардың мән-мағынасын бұзбай, қолданысқа енгізуге болады. Әлі де болса талданбай қалған терминдер мен сөз тіркестері барын жоққа шығармаймыз. Бұл мәселені шешудің жолы – заң саласында кәсіби түрде аударма ісімен айналысатын мамандар тобын құру. Аталмыш топта қазақ және орыс тілдерін еркін меңгерген, тәжірибелі, білімді заңгерлер, аудармашылар мен тіл мамандары болу керек. Сонымен қатар, мемлекеттік тілде заңнамалық актілерді әзірлеу кезінде заң техникасын жетілдіре отырып, терминологиялық бірізділікті сақтау және бір ұғымға бірнеше терминдерді пайдалануға жол бермеу талаптарын енгізу керек. Енгізілген өзгерістер мен түзетулер арқылы мемлекеттік тілдегі заң құжаттарының сапасын біршама жоғары деңгейге көтеруге, сондай-ақ қазақ тілінің мәртебесін де арттыруға болады.

Құқықшығармашылық процестің әзірлеу сатысында жинақталған деректердің шынайылығы, олардың ғылыми идеялармен қамтылуы, қоғамның нақты сұраныстарын, қажеттіліктерін сонымен бірге, құқыққолдану барысындағы оң тәжірибелерді ескеруді қажет етеді. Заңнама жобасын әзірлеу сатысында ғылыми жұмыстар мен диссертацияларды пайдалана отырып, оларға сілтемелер ғана жасау емес, сол ғылыми жұмыстардың негізінде заң жобасын жетілдіру ұсынылады. Ол үшін ғылыми қордағы жинақталған ұлттық кітапханадағы арнайы диссертациялық залдар мен Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығындағы ғылыми материалдарды тәжірибеде пайдалануды жетілдіріп, ақпараттық техниканың соңғы мүмкіндіктерін енгізу бейімдеу керек.

Еліміздің аумағында жазылған ғылыми мақалалар мен диссертациялардың құқықшығармашылық процесте пайдаланылуы магистранттар мен докторанттардың елеулі еңбегінің бағалануы деп білеміз. Елімізде SCOPUS-қа теңестірілген рецензияланған ғылыми әдебиеттердің ауқымды ғылымметриялық мәліметтер базасын

әзірлеу жұмыстарымен де айналысу құқық-шығармашылық қыз-метке айтарлықтай оң әсерін тигізетіні анық.

Мемлекеттік және мемлекеттік тілге теңестірілген ресми қолданыстағы тілдердегі құқықтық актілердің мәтіндерінің қате аудармасы құқықтық сауаттылыққа бет бұрған қоғамның оң нәтижеге жетуін тежейді. Заң саласындағы терминдер мен сөз тіркестерін біріздендіру арқылы аударма жасау барысында қалыптасып отырған мәселенің жүйелі шешімін табуға болатынына кәміл бек сенімдіміз.

Г.А.Ильясованың Қазақ тіліндегі заң терминдерінің бірыңғай жинақ сөздігін жазу [7,138 б.] бойынша ұсынысы құптарлық деп санаймыз және оның болашақтағы қажеттілігі туралы да ой пікірлері мен тұжырымдары ескерілу қажет етеді.

Нәтижелер

Қазақстан Республикасының Парламенті заңнамаларды негізінен қазақ тілінде шығаруын және кодекстерде, заңнамаларда бекітілген құқықтық терминдер мен сөз тіркестерінің дұрыс және бірізділікпен аударылып қолданылу қажеттігін қамтамасыз етудің маңыздылығы анықталды. Қазақстанда адам құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік тілде қорғалуы заң шығарушы органның заңнамаларды орысшадан қазақшаға аудару арқылы емес керісінше, қазақ тілінде шығару арқылы қызмет көрсетуіне тікелей байланысты. Бұл азаматтардың және құқықтық қатынасқа түсушілермен оны орындаушыларға өз ана тілінде заңнамаларды дұрыс әрі біркелкі түсінуіне мүмкіндік береді.

Азаматтық заңнамадағы терминологиялық бірізділікті сақтауды қамтамасыз етуді келесі шаралармен сабақтастыра отырып жүзеге асыру ұсынылады:

1. Заңнамалардың әрдайым түсінікті әрі қарапайым болуын жетілдіру. Заңдар, кодекстер нақты әрі жалпы жұртқа түсінікті болу керек, сонымен қатар халықаралық талаптарға да сай келу керек. 2021 жылғы халық санағының қорытындысы бойынша қазақ ұлтының саны 70,4% құрады, сондықтан да, еліміздегі қолданыстағы заңнама ана тілінде әзірленіп, тұрғындардың басым көпшілігіне қол жетімді әрі түсінікті болуы қажет [8], ал халықаралық терминдер мағынасы өзгеретін немесе балама аудармасы сәйкес келмейтін болса, сол халықаралық термин түрінде бекітіліп қалу қажет.

2. Құқықтық сауаттылықты қамтамасыз ету. Заң шығару мемлекеттік тілде

шығарылып, содан кейін ғана өзге тілдерге аударылуы керек. Қазақстанның тәжірибесінде керісінше этникалық тілдердің бірі болып табылатын орыс тілінде шығарылып содан кейін ғана яғни қазақ мемлекеттік тілге аударылуы құқықтық сауаттылыққа кері әсерін тигізіп отыр. Мемлекеттің азаматтары өз ана тілінде өз құқықтары мен заңдарын дұрыс түсінуге және өздерінің заңды мүдделерін сотта және т.б. жерде қорғау барысында көмектесетін арнайы құқықтық терминдерді үйрететін оқу бағдарламаларын әзірлеп, тәжірибеге енгізу қажет.

3. Қазақтың заң ғылыми тілін жетілдірудегі терминологиялық жұмыстар. Қазақ тіліндегі заң терминдерін реттеу, жүйелеу, біріздендіру, стандарттау мәселесін қайта пысықтап, бір мағыналы түсінікті терминдерді жинақтау мәселелерін ғылыми тұрғыдан негіздеу, сонымен қатар ғылыми атауларды ұлттық тілде қалыптастыру болып табылады. Қазақ тілінен орыс тіліне аударғанда басшылыққа алатын ең алдымен қазақ – орыс тілдеріндегі заң терминологиясының бірегей сөздігін жасақтау қажет.

4. Қазақ терминологиясын республикалық деңгейде бірізділігін қамтамасыз ету. Біріншіден терминолог кадрларды қалыптастыру мен үнемі олардың қызметтерін жетілдірумен айналысу. Терминолог кадрлар құрамына міндетті түрде елу пайыз заңгерлерді енгізіуі тиіс деп санаймыз. Негізінен біріздендіру ұғымы көппішінділіктен, яғни синонимдерден арылып, мағыналық біркелкілікке қол жеткізу, көпмағыналылық пен семантикалық омонимдерді жою, ұғымдар жүйесі мен термин жүйе арасындағы бірізділікке қол жеткізу болғандықтан қолданыстағы заңнамаларға қайтадан жіті ғылыми зерттеу жұмыстары негізінде терминологиялық зерттеу жүргізу арқылы әр бір кодестегі және заңнамадағы олқылықтарды анықтап алу жұмыстарын жүргізу. Осы олқылықтар талданып алынғаннан кейін, республикалық орталықта көптеген мамандардың қатысуымен кешенді түрде сараптама жасап, оның нәтижесі бойынша парламентке тиісті заңнамалардағы олқылықтар мен терминдерді қайта түзету мәселесін күн тәртібіне қою тетігін енгізу қажет.

Азаматтық заңнамадағы терминологиялық бірізділікті сақтаудың мәселелерін бір мақала аясында түгел қамту мүмкін емес, алайда жоғарыда талдау нәтижесінде алынған азаматтық кодекстегі кейбір

терминдердің дұрыс аударылмауы және әр түрлі мағынада азаматтық заңнамада әр түрлі көрсетілуі осы заңнаманы қолдану барысында көптеген сұрақтарды туындатып отыр. Осы мақала аясында, біздің ойымызша, азаматтық заңнамадағы терминологиялық бірізділікті сақтау нормативтік құқықтық актілерді жеке тұлғалар мен жалпы тұтастай қоғамның құқықтық санасы мен құқыққорғау органдардың дұрыс түсінуі мен қолдануы барысында бірегей қағидаларға негізделуін қамтамасыз ету арқылы қазақстандық қоғамдағы заң терминдерінің сапасы деңгейін көтеруге және дамытуға елеулі әсерін тигізеді.

Қорытынды

«Азаматтық белсенділік құқықтық мемлекет болуының қажетті шарты болып табылады, бұл өз кезегінде жеке тұлға мен қоғамның құқықтық мәдениетінің деңгейіне тығыз байланысты. Құқықтық сауаттылықты арттыру, Конституцияда белгіленген негіз қалаушы құндылықтарға сәйкес азаматтардың заңды әлеуметтік-белсенді мінез-құлқын қалыптастыру мақсатында құқықтық насихат пен құқықтық білім беруге байланысты жоспарлы жұмысты жалғастыру қажет» [3]. Мақала жазуға себеп болған терминологиялық бірізділік мәселесін шешу үшін төмендегідей тұжырымдаймыз:

- Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің мемлекеттік тілдегі мәтінінде бірнеше нұсқада жазылған терминдер бар екенін анықтадық, терминдердің ең дұрысы мен неғұрлым қолайлысын қалдырып, қалғандарын мәтіннен алып тастап, болашақта кездеспеуін қадағалау керек;

- заң мамандығын даярлап шығаратын жоғары оқу орындарында қазақ тіліндегі заңнамаларға мониторинг жүргізу арқылы зерттеулер жүргізуге тапсырма беру, арнайы гранттар бөлу қажет;

- жоғарыда байқағанымыздай, жалпыға ортақ бірегей заң терминдерінің бірінғай қазақша-орысша сөздігі дайындалып, үнемі толықтырылып отыруы қажет. Бұл өз кезегінде дипломдық жұмыс жазатын студенттердің, магистрлік диссертация қорғайтын магистрлердің, жас мамандардың, сондай-ақ заң аудармасымен айналысатын аудармашылардың аударма жасау барысында синоним сөздерді пайдалануына жол бермеуге жағдай жасайды;

- халықаралық терминдерді қолдануды жеңілдету және мүмкіндігінше халықаралық

терминдерге аударма жасаудың қажеттілігін төмендету керек;

- терминологиялық және аударма жұмыстарын республикалық деңгейде басқару мен ұйымдастыру, сондай-ақ осы саладағы мамандардың біліктілігін арттыру бойынша тұрақты жұмыстар жүргізу керек;

- заңнамалар қабылданар алдында оның мәтіндерін түпкілікті тексеруден өткізетін, қазақ және орыс тілдерін еркін меңгерген, білімді, білікті заңгерлер, аудармашылар мен филологтардан құралатын дербес комиссиялардың құру және олардың қызметін қамтамасыз ету;

- қабылданатын құқықтық актілерді талдауға көпшіліктің қатысуы үшін жеткілікті деңгейде әрдайым хабарлама жұмыстарын жүргізу;

- жоғарыда аталған комиссиялардың атқарылған жұмыстары бойынша есептерін нормативтік құқықтық актілер қабылданбай тұрып жұрт назарына ұсыну. Сол арқылы жалпыға түсінікті және қатесіз заң жобаларын қабылдай аламыз деген ойдамыз.

Қорыта келе, азаматтық заңнамадағы терминологиялық бірізділікті сақтаудың мән-маңыздылығы барлық заң ғылымына, тәуелсіз мемлекетіміздің халықаралық мәртебесінің артуына және қоғамның заңшығарушы билікке деген көзқарасын өзгертетіні сөзсіз. Жоғарыдағы айтылғандарды ескере отырып келесілерді ұсынамыз:

1. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-1 бабының 2- тармағына сәйкес заң терминдерін жария талқылау арқылы жоғарыдағы аталған терминдерді қолданудың бірізділігі тиімді шешуді тұжырымдау қажет етді.

2. Мемлекеттік тілдегі мәтінінде бірнеше нұсқада жазылған терминдер бар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 5,6,38,114,230,382,383-баптарын анықтадық, сол себептен, терминдердің ең дұрысы мен неғұрлым қолайлысын қалдырып, қалғандарын мәтіннен алып тастап, болашақта кездеспеуін қадағалау керек.

3. «Құқықтық актілер туралы» Заңының 1-бабында «ереже-положение», «қағида-правила» - деп аударылған. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінде «ереже» термині «правила» - деп те, «положения» - деп те аударылғандықтан, осы кодекстегі аудармаларды аталған заңға сәйкес түзеткен жөн.

4. Қолданыстағы заңнаманы қолдану тәртібіне сүйене отырып, Азаматтық

кодекс заңдардан жоғары тұратындықтан, жоғарыдағы заңдардағы терминдердің аудармасын қолданыстағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексіне сәйкестендіруді қажет етеді.

Нормативтік құқықтық актілерді қалыптастыру кезеңдерінде, жобаларды дайындау барысында жергілікті жердегі терминологтардың сараптауынан өтуді, сол арқылы заңнамадағы терминдерді жан-жақты зерделеу мен құқықтық талдау жұмыстарын жасау және әрбір министрліктен келісім алған кезде, сол министрліктердің

терминолог комиссия отырысында тиісті салалардың заңгер ғалымдарының қатысуымен аудармалар мен терминдерді қалыптастыру мен жетілдіру жұмыстарын кешенді түрде үнемі жүргізіп отыру. Бұл өз кезегінде жергілікті жерде заңнаманы қолдану барысында құқыққорғаушылар мен заңгерлерге және жалпы жұртшылыққа құқықты қолдану барысында нақтылық пен айқын түсінікті ғана емес, сонымен қатар құқықтық мәдениет пен құқықтық сананы да қалыптастыруға өз септігін тигізеді.

Авторлық үлес

Авторлар туралы ақпаратты ұйымдастырған, талқылаулар жазған, нәтижелерді өңдеген, әдебиетті пысықтаған, библиографиялық дереккөздерді зерттеген – Бакиров Д.А. Әдістеме және негізгі бөлім, нәтижелер мен талқылауларды жазған – Мырзатаев Н.Д. Кіріспе мен қорытынды бөлімді жазған – Сулейменова С.Ж.

ӘДЕБИЕТ

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы «Сындарлы қоғамдық диалог – қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» // URL: Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы — Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты (akorda.kz) _ (жүгінген күні: 18.03.2024).
2. Қажыбек Е.З. Терминологиялық жұмыстардың тілді дамытудағы рөлі // Рухани жаңғыру: қазіргі қазақ терминологиясы»: ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Нұр-Сұлтан, 2019. - 7-11 б.
3. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі. Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.
4. Смағұлов А.А. Заң терминдерін аудару барысындағы кей тұстар // «Рухани жаңғыру: қазіргі қазақ терминологиясы»: ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Нұр-Сұлтан, 2019. - 23-25 б.
5. Шерубай Құрманбайұлы. Терминологияны біріздендірудің ғылыми-әдістемелік негіздері: ғылыми-әдістемелік құрал. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 87 б.
6. Шерубай Құрманбайұлы Қазіргі қазақ терминологиясының өзекті мәселелері // «Рухани жаңғыру: қазіргі қазақ терминологиясы»: ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Нұр-Сұлтан, 2019. – 12-16 б.
7. Илиясова Г.А. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ету мәселелері. // Қарағанды университетінің хабаршысы. «Құқық» сериясы. - № 3(107)/2022 // URL: https://law-vestnik.buketov.edu.kz/apart/srch/2022_law_3_107_2022.pdf (жүгінген күні: 21.10.2024).
8. Есекей К. Доля казахов среди населения Казахстана выросла до 70,4%. / 02 Ноябрь 2023 // URL: <https://www.inform.kz/ru/dolya-kazahov-sredi-naseleniya-kazahstana-viroslo-do-704-fca435> (дата обращения: 18.03.2024).

REFERENCES

1. Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokaevtyн 2019 zhylgy 2 kyrkuiektegi Kazakstan halkyna Zholdaуy «Syndarly kogamdyk dialog – Kazakstannyn turaktylygy men orkendeuinin negizi» // URL: Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokaevtyн Kazakstan halkyna Zholdaуy — Kazakstan Respublikasy Prezidentinin resmi saity (akorda.kz) _ (zhugingen kuni: 18.03.2024).
2. Kazhybek E.Z. Terminologiyalyk zhumystardyn tildi damytudagy roli // Ruhani zhangyru: kazirgi kazak terminologiyasy»: gylymi-praktikalыk konferentsiya materialdary. - Nur-Sultan, 2019. - 7-11 b.

3. *Kazak tilinin kirme sozder sozdigi. Kurastyrgandar: Sh. Kurmanbaiuly, S.Isakova, B.Mizamhan zhane t.b. - Almaty: «Ulttyk audarma byurosy» kogamdyk kory, 2019. – 596 b.*
4. *Smagulov A.A. Zan terminderin audaru barysyndagy kei tustar // «Ruhani zhangyru: kazirgi kazak terminologiyasy»: gylimi-praktikalyk konferentsiya materialdary. - Nur-Sultan, 2019. - 23-25 b.*
5. *Sherubai Kurmanbaiuly. Terminologiyany birizdendirudin gylimi-adistemelik negizderi: gylimi-adistemelik kural. – Nur-Sultan, 2020. – 87 b.*
6. *Sherubai Kurmanbaiuly Kazirgi kazak terminologiyasynyn ozekti maseleleri // «Ruhani zhangyru: kazirgi kazak terminologiyasy»: gylimi-praktikalyk konferentsiya materialdary. - Nur-Sultan, 2019. – 12-16 b.*
7. *Ilyasova G.A. Kazakstan Respublikasynyn Azamattyk protsestik kodeksinin kazak zhane orys tilderindegi matinderinin tutupnuskalygyn kamtamasyz etu maseleleri. // Karagandy universitetinin habarshysy. «Kukyk» seriyasy. - № 3(107)/2022 // URL: https://law-vestnik.buketov.edu.kz/apart/srch/2022_law_3_107_2022.pdf (zhugingen kuni: 21.10.2024).*
8. *Esekei K. Dolja kazahov sredi naseleniya Kazahstana vyroslo do 70,4%. / 02 Nojabr 2023 // URL: <https://www.inform.kz/ru/dolya-kazahov-sredi-naseleniya-kazahstana-viroslo-do-704-fca435> (data obrashheniya: 18.03.2024).*